



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

2. Ы.Алтынсарин. Таңдалған шығармалар . Алматы. 1968 ж.
3. Ы.Алтынсарин. Педагогикалық идеялар және ағартушылық қызмет. Алматы. 1968 ж.
4. Қ.Жұмағұлов. «И. Алтынсарин» Ташкент. 1975 ж.
5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасы

ӨОЖ 373.1

## Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С.КУБЕЕВТІҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Маматқадыр Гүлнара Мирзакаримқызы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Гаенко Лилия Владимировна  
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Белянцова Оксана Юрьевна  
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №22  
жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E – mail: Gulnaraa98@inbox.ru*

### Аңдатпа

*Өзектілігі және мақсаты: Бүгінгі білім беру саласында заманауи бағыттағы педагогикалық мәселелер жалпы қоғам үшін маңыздылығын арттыра отырып, мұғалімді педагогикалық тұрғыда жан – жақты дамыту. Мұғалімнің дамуы – келесі ұрпақтың дамуы екенін түсіндіру болып табылады. Мақсаты, педагогикалық білім беруді үйрету, педагогикалық қызметтерді дұрыс орындауға шақыру болып саналады.*

*Түйінді сөздер: оқыту мен тәрбиелеу, сапалы білім, тіл табысу, ағартушылық, үйрену.*

### Аннотация

*Актуальность и цель: Всестороннее педагогическое развитие учителя повышая его значимость для общества в целом в современной сфере образования. Это объяснение того, что развитие учителя – это развитие следующего поколения. Цель, обучение педагогическому образованию, является призывом к правильному выполнению педагогической деятельности.*

*Ключевые слова: обучение и воспитание, качественное образование, коммуникабельность, просвещение, обучение.*

### Abstract

*Relevance: Modern pedagogical problems in the direction of the modern sphere of education, increasing their significance for society as a whole, the comprehensive development of a teacher in a pedagogical sense. Explain that teacher development is the development of the next generation. The goal is to teach pedagogical education, to call for the correct performance of pedagogical activities.*

*Key words: teaching and upbringing, quality education, communication, enlightenment, learning.*

*Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат.  
Ол – мектептің жүрегі.  
Ы.Алтынсарин*

Ыбырай Алтынсарин – қазақтың аса көрнекті ағартушысы, өз заманының ақыл – ойшылы, тарих беттерінде аты алтын әріптермен жазылған, өз жұртының жүрегін ойып тұрып орын алған, елім деп еңіреген ердің ері, тарихи тұлғасы. Біз оның бейнесінен тек қазақ халқының мәдени – экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін көксеген ұлт жанашырын көреміз. Әр бір жасаған іс – әрекетінен халыққа деген ыстық ықыласын, махаббатын, бойына сыймай тұрған қайратынан ұлт болмысын, халқым деп сол жолда сарп еткен күш – жігерін көруімізге болады.

Алтынсарин халық ағарту жүйесін барынша кеңейтуге ниет етеді, осы мақсатпен әрбір болыста бастауыш мектеп ашу жөнінде арнайы хат дайындайды. Онымен қоса бұл мектептер қазақтардың тұрмысына бейімделген яғни көшпелі болу керек деп есептейді: жазда қазақ ауылдарымен бірге жайлауға шықса, қыстыгүні қыстауда болады [1, б. 15].

Бұрын, білетініміздей мектеп ашу деген қазіргідей оңай болған жоқ. Әрбір іс Ресей мемлекетінің қолдауымен, рұқсатымен ғана жүзеге асып отырылғаны баршамызға мәлім. Ештеңеге қарамастан, қайтпас қайсарлығының арқасында білім негізінің ірге тасы қаланатын бастауыш мектептерін аша білді. Мектептердің ашылуынан – ақ істің соңын ойлап, көшпелі мектептер ашты. Ол

тек қана бұл істермен шектеліп қана қоймады. Оны біз келесі атқарған жұмыстарынан көруімізге болады.

Балаларды оқыту мен тәрбиелеу үлгі – өнегелерінің негіздерін жасап, методикалық және оқыту құралдарын құрастырады, жыл сайын мектептерді аралап инспекторлық бақылауды жүйелі түрде жүргізіп отырады [1, б. 17]. Осы орайда «Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы» деп айтқан өз дәуірінің данасы Әл – Фараби атамыздың сөзі есіме түсіп отыр. Методикалық және оқыту құралдарын құрастыру арқылы, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырса, мектептерді аралап инспекторлық бақылау жасау арқылы, баршамызға мәлім тиянақтылықты, белгілі бір нәтижеге жетуді көкөсегені, бір орында тұрып қалмай, үнемі ілгері жылжуды мақсат еткені анық байқалады.

Алтынсарин атамыз алғаш мектептер ашып қана қоймай, ақ қағаз бен қара сияны ермек етіп өз қаламынан ертеңгі болашағымызды ойлап, мұғалімдер мен оқушылар үшін еңбектер жазып, балалар әдебиетінің негізін салған.

«Қазақ хрестоматиясы» К.Д.Ушинскийдің «Балалар әлемі» және басқа да орыс классикалық педагогикасының үлгісінде жасалды. Ол мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Тақпақтар, балаларға арналған әңгіме, ертегілер, оқушылардың туысқандарына хат жазу үлгілері.

2. Үлкендерге арналған әңгімелер.

3. Ауыз әдебиетінің үлгілері.

4. Мақал – мәтелдер [1, б. 19].

Қай – қайсын алып қарасанда, қазіргі күнде ешбірі өз маңызын жойған емес. Әрбір тақпағының астында астарлы сыр болса, әңгімелері оқыған адамға ерекше ой салып, жақсылыққа жетелейді, ал ертегілері қиял – ғажайыпқа толы болып, бір оқығаннан – ақ адамның жүрегін жаулап алып, әр жазған мақал – мәтелдерінен ұлттық болмысымыздың иісі аңқып, мейірімділіктің, ізгілік пен жақсылықтың балы тамып тұрады, шіркін – ай!

Алтынсарин мұғалімдерге әкелік қамқорлық жасап, оларға әр уақытта, тіпті жеке мәселесінде де кеңес беріп отыратын, сөйте тұра балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысында аса қатаң талап қоя білетін [1, б. 21]. Осы орайда, оның жүрегінің жұмсақтығын анық аңғарамыз. Жақсының жақсылығын айт нұры тассын демекші, біздің мектебіміздің директоры Мейрамкүл Балғабайқызы бәрімізге анамыздай жанашыр. Себебі, мектебімізде әрбір сынып жетекшілері ата – аналармен тығыз байланыс орнатқан. Кез келген жағдайда оқушыларға көмек керек болса, әлеуметтік педагогтардан бастап, психологтар, сынып жетекшілері тіпті керек болса пән мұғалімдері қолдан келгендерін аямайды. Биылдың өзінде ұлттық болмысымызды оқушылар, жастар арасында насихаттау үшін, әрбір оқушы өз елінің патриоты атанып, ата – бабаларымыздан үлгі – өнеге алуы үшін мектебімізде Ахмет Байтұрсынұлының құрметіне жеке кабинет ашылды. Тағы да Қостанайды танытып жүрген жерлесіміз жазушы, ақын Серікбай Оспанұлымен кездесу болып өтті. Ал, «Қайырымдылық жаса» сияқты акция арқылы оқушыларды мейірімді болуға баулысақ, нұр үстіне нұр емес пе?! Бұл істердің барлығы да Ыбырай мен Ахмет салып өткен іздердің жалғасы деп білемін. ХХІ ғасырда пайда болған мәселелер, міне осылайша қазіргі күнде ақырындап өз шешімдерін табуда. Мұғалімнің де басты қасиеттері осы емес пе?! Барлық оқушыға өз баласындай қарап, қамқорлық танытып, мейіріміне баулап, қазақилығымызды сусындата білсек, біздің ұрпақтан саналы ұрпақ шықпақ.

Қазіргі кезде алдында отырған әрбір оқушыға сапалы білім беру, олардың жеке қабілетін аша білу, әркезде де сабырлылық танытып, бар білгенін оқушыға үйретіп қана қоймай, олардың пәнге деген қызығушылығын оятып, білім нәрімен сусындату әр бір педагогтың міндеті деп білемін. Сонда ғана өсіріп отырған ағашымыз, өз жемісін бермек. Оқушының түсінбегенін оқушыдан емес, сол оқушыға жеткізе алмаған мұғалім өзінен көруі керек. Бұл пікірді Алтынсарин атамызда қолдаған.

Ы.Алтынсарин мұғалімдерге кіммен істес болып отырғанын ұмытпау керегін есіне салып отыратын. Сен балалармен жұмыс істеп отырсың, егерде оқушы бірдемені түсінбесе олардың өзіне сілтемей, түсіндіре алмағаныңды өзіңнен көруі керек. Балалармен ашуланбай, кейімей жылы сөйлеу керек, әрбір пәнді шын көңілден жаттанды тіркестер мен қажетсіз терминдерсіз қарапайым тілмен шыдамдылықпен түсіндір, өйткені оқудың көрнекілігі оқытудың қарапайым әдісі мен мұғалімнің түсіндіре білуіне байланысты [1, б. 21] деп айтқан. Егер оқушы мұғалімнің айтқанын түсінбесе, тағы бір рет сөздерді түсінікті етіп алып, тағы бір рет түсіндіріп көруі керек. Онда да нәтиже болмаса, өз қатарластарынан жақсы түсінген оқушыдан, түсінбеген оқушыға жұптағы сұхбат арқылы түсіндіріп беруін айту керек. Себебі, оқушы сенің тіліңді түсінбегенімен, өз қатарластарының айтқанын тез ұғып, бірден қағып алады деп ойлаймын.

Алтынсаринның пікірінше, педагогикалық жұмыста барлық іс мұғалімнің оқытудың ең жақсы тәсілдерін табуында, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа тұрпаттағы мектеп – оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, еңбекке және ой жұмысына үйретуге тиіс [1, б. 327].

Мұғалімнің басты міндеттері тек сапалы білім беру мен балалармен тіл табыса алумен шектеліп қана қоймайды. Осыған қоса мұғалім баланың үйдегі, өмірдегі ұстазы болған, ата – анасымен де жақсы қарым – қатынаста бола білуі керек. Ол пікірді біз Ы.Алтынсарин атамыздың шәкірті

болған, соның жүрген дара жолымен жүрген жазушы – педагог С.Көбеевтің де қолдағанын көреміз. Ол педагогикалық білім мен тәрбиеден үзіндісінде, баланың отбасындағы тәрбиесіне, мектептегі тәрбие мен білім беруге, оқушының білімге деген құштарлығын арттырып, пәнге деген қызығушылығын оятуды жеке – жеке айтып өтеді. Баланың отбасындағы тәрбиесі туралы, баланы тәрбиелеу ең қиын процестердің бірі дейді. Ата – ана үйде балаларына қамқорлық танытып, олардың қойған сұрақтарына қызығушылық танытып жауап берсе, өз махаббаттарына баланы бөлей алса сонда ғана ол бала толыққанды дамымақ. Мектепте мұғалім оқушының жеке қабілеттерін ескеріп, өз мамандығын сүйе білсе, өз – өзін әрқашан дамытып, ізденуден, үйретуден жалықпаса, сонда ғана бала алға қарай ұмтылып, өзіне сенімділігі арта түседі. Ал жалпы қоғамда да өз орнын тауып, барлық достары, мұғалімдері, ең бастысы ата – анасы әр кез жанынан табылып қолдау көрсетсе, онда нұр үстіне, нұр болмақ [2, б. 206].

Сабақ кезіндегі мұғалімнің әр іс – әрекеті, әрбір оқушымен орнатқан қарым – қатынасы, мамандығына, жұмысына деген сүйіспеншілігі, балаларға деген махаббаты маңызды рөл атқарары хақ. Сабақта пайдаланылған көрнекіліктердің өзі де өте маңызды болып саналады. Себебі, бала көру арқылы тез есте сақтайды. Сабақта алға қойған белгілі бір мақсатқа жету үшін мұғалім төмендегідей ұстанымдарды ұстануы керек:

1. Қай тілді үйретіп жатқан болсаңыз, сол тілде дұрыс сөйлеуді, сөздерді дұрыс айтып, екіпінді қай жерге қою керек екенін, дауыс интонациясын үйретуіңіз керек.

2. Сол тілге тән әріптердің дұрыс жазылуы мен айтылуына аса назар аударған жөн.

3. Сұраққа дұрыс жауап беріп, сөздерді орынды қолдануды үйрету керек.

4. Оқушының өзі де сол тілде дұрыс сұрақ қоя алуы керек. Бұл қарым – қатынас жасаған кезде маңызды рөл атқарады.

5. Үлгермей жатқан немесе тіл дамуында ақауы бар балаларға барынша сабырлылық танытып, барынша ерекше назар аудару керек [2, б. 208].

Жоғарыда айтылғандардың барлығын өз бойымызға сіңіріп, бұрынғы жүрген ұстаздарымыздың салған ізімен жүрсек, біз аспаған асу, біз бағындырмаған белес қалмайды. Барлығы өрине айтуға оңай. Дегенмен, Абай атамыз айтпақшы «болмасаң да, ұқсап бақ» демекші, бір рет тырысып көрсек, мұғалімдік жолындағы өз міндеттерімізді абыроймен атқарып қана қоймай, өз ісінің нағыз маманы болар едік.

Ы.Алтынсарин атамыз қазақ грамматикасының, қазақ балалар әдебиетінің негізін салып қана қоймай, қазақ балалары үшін алғаш мектептер ашып, мұғалімдерді оқытумен ғана шектелмей, қазіргі күндегі кәсіптік білім беру мәселесін де қолға алған.

Оны біз Ыбырай Алтынсаринның 1887 жылы Н.И.Ильминскийге жазған мына бір хатынан көре аламыз: «Біз, дейді ол өз ойын жалғастырып, попечитель екеуіміз бірігіп, оқуды ойдағыдай төмамдаған қазақ балаларын:

1) мектептерге жіберіп, ондағы қазақ балаларын орыс тілін оқытуға;

2) сондай – ақ жергілікті шикізатты пайдалана отырып, балаларды кәсіпке – тері илеу, сабын қайнату, жүннен мата тоқу сияқты өнерге үйрету, соның арқасында көшпелі қазақтарды отырықшылыққа бейімдеуге пайдалану керек болар», – деген сөздерін келтіреді. Әрі қарай Ыбырай Н.И.Ильминскийден, мүмкіндігі болып жатса бір – екі ағаш ұстасын тауып беруді өтінеді [3, б. 112]. Жоғарыда айтылғандардың барлығын да, қазіргі күндегі кәсіптік білім беру колледждерінен көруге болады. Ол жерде білім алушылардың белгілі бір кәсіпті меңгеріп шығатынына, еңбексүйгіш болуы арқылы өз еліне пайдасы тиетініне кәміл сенімдіміз.

Ыбырай атамыздың ағартушылық жолын да, демократиялық көзқарасында ашып көрсететін өлеңдері мен жырлары бар. Ол өлеңдерінде ғылымды, техниканы білуге үгіттейді.

Біз болмасақ сіз барсыз,

Үміт еткен достарым...

деп, біздей жалынды жастарға зор сенім білдіреді.

Алтынсарин атамыздың тәлім – тәрбиеде баға жетпес өлеңдерінің бірі «Өнер – білім бар жұрттар». Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына өзге мәдениетті елдерді үлгі ету және оқу, білім арудың мақсатын көрсету:

Өнер – білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден,

Көзіңді ашып жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды.

Ыбырай жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты – өз халқының бір керегіне жарау, оны «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзді ашып жұмғанша, тез хабар алғызатын» елдердің қатарына жеткізу деп білді.

Бұл өлеңнің идеясы өміршең болып, қазіргі таңдағы оқыту мен тәрбие ұстанымдарына сәйкес келеді. Қай заманда болмасын, бала – өміріміздің болашағы. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі жастар деп ұқты. Оларды тәрбиелеу баршамыздың парызымыз екені сөзсіз.

Қорыта келе айтарым, «Кел, балалар оқылық!», – деп ұрандатып, әр қазақтың білімсіз жүрген қара түнегіне жаққан шамдай болып жарқ еткен, әрбір жүректің төрінен, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің және тарихының төрінен ойып тұрып орын алған, әр қазақтың жүрегінде тек жақсы атымен қалған Ы.Алтынсарин туралы қанша айтсақ та, аздық етері сөзсіз. Өз ғұмырын ұстаздық жолына, халық игілігі мен ілім – білімге, болашақ ұрпақты тәрбиелеуге арнаған жан – жақты қазақтан шыққан тұңғыш халық жанашыры бола білді. Әр оқыған әңгімесінен, ертегілері мен кітаптарынан ерекше әсер алып, дүниеге мүлдем жанашыр көзбен қарай алатындай, әр адам бір оқығанынан – ақ өзін – өзі тәрбиелеп жетілдіре алатындай жоғары деңгейде жазған деп ойлаймын. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін мұғалімдік жолында да қабырғасы қайыспаған, Абайша айтқанда бала оқытудан жалықпаған, С.Көбеевтей шәкірттерді тәрбиелеуі арқылы нағыз ұстаздың қандай болуы керектігін көрсеткен қайталанбас, қазақтың жүз жылда бір туатын асыл қазынасы деп білемін. Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің олардың ағартушылық қызметтерінің тағылымы мен шығармашылық мұралары ұрпақ үшін қашан да болмасын баға жетпес рухани қазына болып қала береді. Сөз соңын «Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдылығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз» – деп, айтқан, «Барлық қазақ жастары менің соңымда, олар мені жақсы көреді мен қайтып жалғыз болайын?» деген халықтың сүйген ұлы кемел адам Ыбырай Алтынсаринның ұлағатты сөзімен аяқтағым келіп отыр. Оның сарқылмас мұраларын ұрпақтан – ұрпаққа насихаттап, жаққан шырағын өшірмеу, әрқайсымыздың басты міндетіміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. С.Оспанұлы «Ыбырай жолы», Қостанай, 2021 ж. 482 б.
2. С.Калиев, К.Аюбай «Антология педагогический мысли Казахстана» Алматы, Сөздік Словарь, 2012, 448 с.
3. Ы.Алтынсарин мұражайы «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман» баяндамалар жинағы, Қостанай 2011 ж. 387 б.

ӨОЖ 37.034

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КУБЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕТІН ТАПТЫРМАС ҚҰРАЛ

*Маркина Зейнеп Бакитжановна  
Тургаева Гульсара Аманжоловна  
Кельдибаева Бағиткуль Аманжоловна  
А.М.Горький атындағы гимназияның  
қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мұғалімдері  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E – mail: gulsara.turgaeva.75@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Өзектілігі мен мақсаты: Өсіп келе жатқан жастарды елін, жерін сүюге тәрбиелеу. Халқымыздың ұлы тұлғаларын дәріптеу. Ұстаздың ұлағатты ісін құрмет тұту. Адамгершілік қасиеті мол рухани бай, жан – жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру.*

*Түйінді сөздер: өлең, шығармалары, үйретеді, ұстаз, шәкірт, тұлға.*

#### Аннотация

*Актуальность и цель: Воспитать подрастающую молодежь любить свою страну и землю. Прославление великих личностей нашего народа. С уважением относится к большому труду учителя. Формирование духовно богатой, всесторонне развитой личности, талантливой личности, обладающей множеством нравственных качеств.*

*Ключевые слова: стихотворение, произведения, учит, учитель, ученик, личность.*

#### Abstract

*Relevance and purpose: Educating the growing youth to love their country. Glorification of the great personalities of our people. Respecting the great work of the teacher. Formation of a spiritually rich, comprehensively developed individual, talented person with a lot of moral qualities.*

*Key words: poems, works, teaches, teacher, student, personality.*

Ыбырай атамыз ұрпақ тәрбиесіне үлкен баға жетпес із қалдырды. Ол қазақ халқының жүрегінде ойып орын ала білді. Оның жазған шығармаларын сан ұрпақ әлі де оқып тәлім ала бермек. Ол қалдырған із мәңгілік өшпес із, мәңгілік өшпес өмір деуге болады. Ыбырай атамыздың артынан